

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 93 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3847

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиялау мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілерін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Елтаңбалық қағаз шығаруды лицензиялау бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2233 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2003 жылғы 21 сәуір - 4 мамырда жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2233 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Елтаңбалық қағаз шығаруды лицензиялау бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 341 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2534 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2003 жылғы 20 қазан - 2 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 т а м ы з д а ғ ы
N 93 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаулыларының тізбесі

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.03.2016 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы с ы м е н .

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы с ы м е н .

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н .

4. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.05.28 N 57 қаулысымен.